



«ТҮРКІ ӘЛЕМІ»

ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

НҰРСҰЛТАН ҚАЛАСЫ - 2021 ЖЫЛ

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:

«Біздің ұлы бабаларымыз Алтайдан Ақ теңізге дейінгі Ұлы далада өз билігін жүргізді. Бізге өшпес қаһармандық эпос және мол рухани қазына қалдырды. Тұңғыш рет әлемге өнеге болған ортақ шаңырақ – киіз үйді, темірді, шалбарды, жебені, етікті және үзеңгіні ойлап тапты.»

Н.Ә.Назарбаев
ҚР Тұңғыш президенті-Елбасы



ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Түркі әлемі - әлемдегі түркітөктес 40-қа жуық ұлт пен ұлысты, жалпы 170 миллион халықты біріктіреді. Түркілер тарихы біздің заманымызға дейінгі 3000-4000 жыл бұрын басталады. Еуразия құрлығын тұтас алып жатқан түркі жұртының мыңдаған жыл ішінде әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін аз емес. Мәселен, байырғы түркілер алғаш болып далалық империя құрды, түркі қағандықтары мен мемлекеттері соғыс өнері мен урбанистикалық мәдениетті жүйеледі. Далалық мәдениетке тән көшпелі шаруашылық негізін қалап, төл жазуын қалыптастырды. Көне түркілер аспан денелерінің қозғалысына карап ауа райын, жыл маусымдарының қандай болатынын күні бұрын анықтай алған. Көне түркілер геометрия, математика ғылымдарынан хабардар болған, оны су жүйелерін салуға, күрделі ғимараттар, карауыл төбелер тұрғызуға, т.б. пайдаланған. Металды, түрлі минералдарды еріту әдістерін, шөптердің емдік қасиеттерін білген. Емдеудің неше түрлі тәсілдерін де жетік меңгерген. Бірақ, осындай жетістіктер бола тұра, евроцентристік көз-қарас көлеңкесінде қалып қойып жатыр.

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Алтайдан Еуропаға дейінгі аралықты ежелден қоныс тепкен, бүгіндері бір бөлігі дербес мемлекет құрған түркі халықтарының философиялық дүниетанымын, тарихы мен этнографиясын, фольклорлық туындылары мен шежіресін, қоғам және өнер қайраткерлерінің рухани мұраларын насихаттау, оларды түркі халықтарының асыл мұралары ретінде паш ету. Байырғы түркілердің әлемдік өркениеттің даму қарқынына қалай әсер еткенін және өзгерткенін нақты дәлелдермен көрсету.

ЖОБА ФОРМАТЫ

Бағдарлама тілі: мемлекеттік

Бағдарлама форматы: тарихи-танымдық

Ұзақтығы: 30 минут

Эфирден берілу жиілігі: аптасына бір рет



ЖОБАДА ТҮСІРЕЛЕТІН ТАҚЫРЫПТАР:

1. АЛҒАШҚЫ МЕТАЛУРГИЯ ОТАНЫ

Жер бетінде ең алғаш металлды тапқан және тұңғыш рет оны өндірістік масштабта өндірген далалықтар! Жапон ғалымы Ясуюки Мураками, металл тарихын зерттей келе, осындай пайым айтып отыр. Оның дерегінше, мыс-қалайы металлдары, планета бойынша, Жезқазған, Алтайда жер бетіне шығып жатыр. Осы жайт, далалықтардың металлмен ертерек танысуына түрткі болған. Адамзат бірінші таныған металл мыс-жезді тұңғыш табушы және оған атау беруші далалықтар-дегенді атақты археолог Сағындық Жауынбаев та қостайды.



2. ЖЫЛҚЫ ЖАЛЫНДАҒЫ ӨРКЕНИЕТ

Адамзатты жаңа даму жолына алып шыққан жылқыны ең алғаш қолға үйреткен біздің бабаларымыз еді. Ботай қонысында, осыдан 5 мың жыл бұрын, прототүркілер тарпаңды тұлпарға айналдырды. Бұл әлем мойындаған тарихи шындық. Сол Ботай қонысындағы көне құмыра ернеуінен табылған қымыз қалдықтары, сүйектен жасалған ауыздық-әбзелдер, жылқының бел-омыртқасының деформацияға түсуі, бұл жануар мініс көлігі болғанына дәлел еді.



3. АЛҒАШҚЫ ҚҰРАМАЛЫ-ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҮЙ (КИІЗ ҮЙ)

Атқа қонған бабаларымыз мал-жанының көбеюіне байланысты көшіп-қонып жүруге мәжбүр болды. Саз балшық пен тастан қаланған баспаналардың орнын бұзып-қайта жинауға, арбаға, малға тиеп алуға ыңғайлы, ағаштан жасалған, сүйегі жеңіл, құрама үйлер алмастыра бастады. Бұл қазіргі киіз үйдің алғашқы үлгісі еді. Жабдығының бірде-бір бөлшегінде темір бұйым болмайтындығы – киіз үйдің тым ерте, тас ғасырының соңында ойлап табылғанына дәлел. Археолог Виктор Зайберт, ботайлықтардың қонысы тек уықтан құралған киіз үй пошымында болған. Көшпенділердің осы формасынан күмбез пайда болды дейді.



4. ТҮРКІ АЛФАВИТІ: БІР ТАҢБА-БІР ДЫБЫС ҚАҒИДАСЫ

М.И. Артаманов секілді ғалымдардың пайымынша, сақтардың геометрияландырылған, бір дыбысқа бір ғана таңба берген әріп жүйесі қай жағынан да озық болды. Сондықтан финикиялықтар көшпенділердің таңбаларының негізінде алфавит құрастырды дейді. Мысал ретінде Алтын адам жанынан табылған, күміс тостағандағы сақ жазуларына, финикиялық әріптердің қатты ұқсайтынын келтіріп отыр.



6. ҮЗЕҢГІ - АДАМЗАТ ДАМУЫН ҮДЕТТІ

Үзеңгіге аяқ салу – қазіргі ғарыш кемесінің сатысына аяқ салумен тең еді, ол заман үшін. Үзеңгіні ойлап табумен, ат адам ырқына толық көнді, атқа отыруды – бұқараның баршасына қолжетімді етті. Ағылшынның атақты ғалымы Линн Уайт "үзеңгіні жасау адамзат тарихында ұшақ, автомобильді жасаумен тең революция" -дегені бар. Осыдан бастап, көшпенділер армиясы тәулігіне 200-250 шақырым жолды оңай еңсеретін болды. Ертедегі еуропалықтар үзеңгінің жоқтығынан – атқа қарғып мінді, болмаса жалы мен құлағынан ұстап тырмысып шығып жүрді. Поллукс, Сили, Страбон сияқты көне авторлардың жазуынша, еуропалықтарда, атқа мінгізетін арнаулы құлдар мен аяқты басатын баспасы бар найзалар, тіпті шағын баспалдақтар алып жүрген. Көшпенділерден үзеңгіні үйренгенше, Грекия мен Италияда, үлкен қалаларға баратын жолдарда атқа міну үшін арнайы тас үйіп қою, тас тұғыр жасау етек алған.



7. АУЫЗДЫҚ ҺӘМ ЕР ТҮРМАН: ИННОВАТОРЛЫҚ ШЕШІМ

Ауыздық – жабайы тұрпатты жылқыны адам еркіне толық бағындырып берген құрал болды. Бұл бұйымның отаны да Ұлы Дала. Әйтпесе Римді дірілдеткен Ганнибалдың кавалериясында ауыздық болмаған. Нумидиялық салт-сарбаз тұлпарын бастан таяқтап, керек жағына бұрып отырған. Бұл ебедейсіз тірлік еді. Ал ауыздықтың пайда болуымен, ат қазіргі көлік кейпіне жақындады. Ауыздықтан кейін, ер-тоқым өмірге келді! Әлемде 50-ге жуық тұрман түрін жасайтын 1 ғана халық бар. Ол қазақ. Қазақ жігітінің ер тоқымына қарап-ақ, оның география-биографиясын білуге болады. Ердің арқасында Сібірден бастап, Үнді өңірі, Корей жерінен Балқан түбегіне дейінгі, 600 миллионға халық тұратын 30-дан астам елді көшпенділер империясы бағындырды. Сол тұста номадтардың жалпы саны миллионға жетер жетпес, ал сарбаздарының саны жүз мыңнан аспаған.



8. АЛҒАШҚЫ САПТАМА ЕТІК ОТАНЫ-ТҮРКІЛЕР

Саптама етік – бұл адамзаттың ең бірінші аяқ киімі! Саптаманың оңы мен солы жоқ, оң етікті сол аяққа, сол етікті оң аяққа ауыстырып кие береді. Мұның өзі саптаманың өте ертеден келе жатқан аяқ киім екенін көрсетеді, себебі көне заман көшпенділері алғаш етікті ойлап тапқанда оң мен солына мән бермеген. Кейін етікшілер бұл дәстүрді сақтап қалған, оңы мен солын ауыстырып киген аяқ киім аз тозады. Қазір де Қазақстанның қысы қатты аймақтарында етікшілер саптаманың бұрынғы моделін сақтай отырып, яғни оңы мен солын бірдей етіп тігеді.



9. КӨШПЕНДІЛЕР ГАРДЕРОБЫ: ӘЛЕМДІК МОДА БАСТАУЫ

Мария Харлоу, көне дүние тарихшысы: Шалбар да, костюм де көшпенділердің ойлап тапқан бұйымы. Түбін зерттеп қарасаңыз, бұл киімдердің түгелі ат үстіндегі өмірге шақталған кешектер. Отырықшы қауымдардың мұндай көйлекті ойлап табуға қажеттілік болған жоқ. Костюм – көшпенділердің шапанының ықшамдалған нұсқасы. Ат үстіндегі адам жиі еңкейіп, тіктелетіндіктен, бел тұсы ашық қала беретін. Суық тимес үшін сол кезде көшпенділер тірсекке дейін жететін ұзын шапандарды ойлап тапты. Көшпендінің шапанынан плащ, костюмдер пайда болған. Далалықтар шалбар киіп, шапан жамылып, сол кездің өзінде-ақ қазіргі заманның стилін сомдап, жасап қойды.



10. ТҮРКІЛЕРДІҢ ЖАРАҒЫ: 5 ҚАРУ

Түркілер қос сауытты айтпағанның өзінде, аттың сауытын да ойлап тапқан. Ал, далалықтардың садағының оғы мың метрге жеткен. Бұл қазіргі атыс қаруы үшін де өте тамаша нәтиже! Көшпенділерде садақпен бірге, 5 қару қолданыста болған. Бірінші, жауды алыстан жайрату қаруы – садақ, кейіннен мылтық. Екінші, түйреу қаруы – найза. Қойын-қолтық ұрыста үшінші, кесу қаруы – қылышты шығарған. Төртінші, төбеден шабу қаруы – балта. Бесінші қару күрзі-шоқпарды, темір сауытпен көмкерілген дұшпанды сұлату, құлату үшін қолданған.

11. ТҮРКІЛЕРДІҢ ӘСКЕРИ ДИСЦИПЛИНАСЫ

Көшпелілер соғыс ісінде адамзаттан мыңдаған жыл алда жүрді. Соған бір дәлел, Еуропа әскерін батальон, взвод, полкке бөлуді ХІХ ғасыр соңында ойлап тапты. Ал, армияны бұлай бөлімдерге бөліп тастау сонау Көктүріктер заманынан бар еді. Көне соғыс құрылымы бойынша ең кіші әскери бөлік - ондық. Он жауынгер бір онбасыға бағынады. Онбасы бейбіт кезінде қол астындағы он адамның қайсысы қайда жүргенін біліп отыруға міндетті. Онбасының оны жиналып келіп бір жүзбасыға бағынады. Ертауыл деп аталатын шолғыншы әскер болашақ жорықтың маршруты бойынша негізгі әскерден бес жүз, кейде мың шақырым озып жер жайын, жайылым мен суат, егер қыс болса ықтасын жерлерді алдын ала тауып хабар беріп отырады.

12. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ – АЛҒАШҚЫ ЖАҒАНДЫҚ ЖОБА

Ең алғашқы сауданың жолы күншығыста емес, Ұлы Далада пайда болды. «Жібек жолынан» бұрын «ҰЛЫ СОЛТҮСТІК жолы» сосын «Ұлы мыс жолы», «Ұлы қалайы жолы» дейтін де маршруттар болған. Бұл жолдар – әлем көпестерін Сарыарқаға әкелетін. Жезқазған – сол көне дәуірлерде металлургияның отаны болыпты. Олай болса, Ұлы Жібек жолы, өзіне дейінгі екі ұлы маршруттың жалғасы. Осыған дейінгі сауда маршруты – металл инновациясын таратса, енді Ұлы Жібек жолы – мата, порох (оқ-дәрінің) құпиясын әлемге паш етті. Егер, Көктүріктер Таң империясымен жақсы қатынас жасап, сауда жолын әлемге шығармаған болса, онда Қытай бүгінгі дәрежеге жетпеген болар еді

13. ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАСЫ – АДАМЗАТ МҰРАСЫ

Түркілер жұқпалы эпидемия тараған кезде 40 күндік оқшаулау шарасын ұстанған. Оксфорд университетінің медицина тарихынан дәріс беретін профессор Марк Харрисон былай түсіндіреді: – «*Сырттан келгендерді «қырық күн» кент ішіне кіргізбей сыртта ұстау, Алтын Орда көшпенділерінде пайда болған. Өйткені, оба аурының ауыр соққысына алғаш тап болған да, соған қарсы айла-шарғы ұйымдастырған да осы номадтар еді. Қырық саны – көшпенділер үшін символикалық цифр ғана емес. Медициналық астары бар. Қараңыз, көшпенді өмір кешкен моңғол және қазақтар арасында жаңа туған сәби мен анасын 40 күн бойына үй ішінен шығармайтын әдет бар. Қазіргі зерттеулер бойынша, нәресте айналадағы және ауадағы вирус-микробқа бейімсіз. Тек 6 аптаға жуық уақытта ғана сәбидің иммунитет жүйесі өзге адамдармен еріп келетін түрлі микробо-бактерияға қауқарлы болады екен».* Көшпенділер жаңа туған сәбиді 40 күн бойы үйде ұстап қана қоймайды. Сол 40 күн бойына тұзды суға шомылдыру әдебі бар. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы, нәрестені 6 апта тұзды суда шынықтырса, жарақаты тез жазылады, әрі дерматологиялық дерттен ада болады,-деп отыр.



14. ТҮРКІЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Көшпелілер қоғамы – өзі өмір сүрген ортамен біте қайнасқан этноәлеуметтік-саяси құндылықтардың жиынтығы. Ол құндылықтардың ішінде мемлекет те бар, бірақ ол отырықшы елдердегідей – билік және қоғам болып екіге жарылып кетпеген. Осы тұста Ф.Ратцельдің, К.Каутскийдің, В.Бартольдтің т.б. көне отырықшы мәдениеттердің мемлекет болып қалыптасуында көшпелілердің ересен орыны бар деген тезисін еске алу керек. Құл иеленуші Рим империясын құлатып, Рұм құлдығынан Еуропа елдерін азатып етіп, жаңа феодалдық, корольдіктер заманын көшпенділер жасады. Жүздеген кінәздіктерге бөлініп жатқан Русты бір мемлекет еткен де, осы түркілер еді.

15. ТҮРКІ ҒАЛЫМДАРЫ

Еуропа ғалым-зерттеушілерді жезтырнақ, албасты санап, отқа өртеп жатқанда, Шығыста түркі-мұсылман ғалымдары әлемді өзгертер жаңалықтар ашып жатты. Ибн-Сина тұңғыш рет адамға ота жасаса, Әл-Фараби мемлекетті басқару жайлы трактаттар, музыка жайында кітаптар шығарды. Ұмытылып кеткен грек ойшылдарының еңбегін қайта жаңғыртты. Көзілдірік, астрономиялық құралдар, ұшақтың алғашқы прототипі, түркі ғалымдарының ойлап тапқан өнертабыстарының бір парасы ғана...

16. ТҮРКІЛЕРДІҢ КУЛИНАРИЯСЫ

Түйенің қомы, аттың жалында өскен көшпелі халық тез дайындалатын, ұзақ сақталатын тағам түрлерін жасауға бейімделген. Тіпті, құрғақ сүт жасаудың әдіс тәсілдерін де жетік меңгерген. Бірақ әрісі сақтардан, берісі түркілерден келе жатқан бай мұраны білетін көнекөз қариялар некен-саяқ.

17. ШАҢҒЫ МЕН ПОЛО ОТАНЫ

Шаңғы, коньки, поло. Бұл ойындардың отаны әлбетте Ұлы Дала! Әлемдегі ең көне шаңғы һәм оның суреті Алтайдан табылып отыр. Ғалымдар оған «байырғы қазақ шаңғысы» деген атау берген. Конькидің де ең көне нұсқасы Торғай өзені жағасынан аршып алынды. Қазақ зерттеушілері қалпына келтіріп, сырғанап та көрді. Поло – Ұлы Даланың төл ойыны. Дулат-моғолдар арқылы Үндістан барып, әрмен қарай Англия, әлемге танымал болды.

18. ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МУЗЫКАСЫ

Түркі өркениеті өзіне тән музыкалық дәстүр қалыптастырған. Бұл дәстүр бәлкім адамзаттың өркениет тарихындағы ең көне музыкалық дәстүр еді. Бұл музыкалық дәстүрдің күштілігі сол, бүгіннің өзінде миллиондаған адам оны тыңдағанда өзегі еріп, көңілі толқып, балқи түседі. Өйткені Түркі музыкасы өз бастауын адам мен табиғаттың үндестігіне құрылған Тәңір дінінен алады. Басқаша айтсақ, Түркі музыкасы Түркілердің діни сенім-нанымдарымен тікелей байланысты. Бұның айқын көрінісі – бүгіннің өзінде Түркілер арасында ең көне музыкалық аспап болып табылатын қобыз бен домбыраның қасиетті, киелі саналуы.

